

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 23 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, әріптесіміз Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев Президенттің Жарлығымен Жетісу облысының әкімі болып тағайындалды және жаңа қызметін бастап та кетті.

Конституциялық нормаларға сәйкес Бейбіт Өксікбайұлының депутаттық өкілеттігі Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен тоқтатылды.

Бейбіт Өксікбайұлы белгілі мемлекет қайраткері, білікті, тәжірибесі мол саясаткер. Бірнеше жыл Президенттің Парламенттегі Өкілеттігін басқарып, депутаттармен тығыз жұмыс істеді. Жыл басында Сенат депутаты болып тағайындалды және Палатаның шешімімен Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы болып сайланды. Осы аралықта комитет төрағасы ретінде ауқымды жұмыс атқарды. Сол үшін Бейбіт Өксікбайұлына Палатаның атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Бейбіт Өксікбайұлы, сізге жаңа қызметіңізге сәттілік пен толайым табыс тілейміз. Жетісу облысының қалыптасып, дамуына аянбай еңбек етесіз деп сенеміз.

Сенат Бюросының қаулысымен Бейбіт Өксікбайұлы Сенаттың «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Енді соны тапсыруға рұқсат етіңіздер.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер, Сенат депутаттары! Аз уақыт ішіндегі азды-көпті сіңірген еңбегімді бағалап, марапат көрсетіп жатқандарыңызға терең ризашылығымды білдіремін, рақмет айтамын. Жарты жылдай уақыт бірге жұмыс істедік, сенім білдіріп мені комитет төрағасы ретінде сайладыңыздар. Бұл сенімдеріңізді ақтауға тырыстым.

Шын мәнісінде мен өмір бойы мемлекеттік қызметте болдым, бір күн кәсіпкерлік салада жұмыс істеген жоқпын, университетті бітіргеннен бастап мемлекеттік қызметте келе жатырмын. Мемлекеттік қызметтің үлкен бір тармағы, заң шығару билігі – Парламент. Осы Парламентте аз уақыт болса да сіздермен бірге еңбек еткенім үшін өзімді бақытты санаймын. Сол күндерді мен әрқашан да ілтипатпен, құрметпен еске алатын боламын.

Әрине, жоспарымызда көп нәрселер бар еді, бірақ мен Сенаттың, әріптестерімнің мүмкіндігінің үлкен екеніне көзім жетеді. Бәріміз мемлекет қызметінде жүргеннен кейін

елімізде болып жатқан жаңалықтарға, реформаларға, өзгерістерге, халыққа, елге, жерге бірге қызмет етеміз деп сенемін.

Тағы бір мәрте сіздерге рақмет. Аمانдықта, саулықта жүздесейік. Еңбектеріңіз жемісті болсын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Бәрі құтты болсын.

Сау болыңыз, аманшылықта жүздесейік.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасын сайлау туралы.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес комитет төрағасы депутаттардың арасынан депутаттардың ұсынысы бойынша сайланады.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы қызметіне сенатор Нариман Төреғалиевтың кандидатурасын ұсынамын.

Нариман Төреғалиев еңбек жолын совхозда жұмысшы болып бастаған. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын бітірген. Мамандығы экономист. Батыс Қазақстан облысының бірқатар шаруашылықтарында жемісті жұмыс істеді, Теректі, Ақжайық аудандарында басшылық қызметте болды. Орал қаласының әкімі болды.

2017 жылы алтыншы шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды. Сенаттың тұрақты комитетінің хатшысы.

Біз Нариман Төреғалиевты іскер ұйымдастырушы, талапты жетекші, жауапты маман ретінде жақсы білеміз. Өз ісіне тындырымды, азаматтық ұстанымы жоғары. Әлеуметтік-мәдени және ғылым саласына қатысты мәселелерге барынша жетік. Білімді. Білікті. Байсалды.

Сіздердің қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ұсынылған кандидатураны талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Төреғалиев Нариман Төреғалиұлын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы етіп сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Нариман Төреғалиұлы, комитет төрағасы болып сайлануыңызбен құттықтаймыз және алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сөз Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қолдау білдіріп комитет төрағалығына ұсынып жатқандарыңызға және қолдап жатқандарыңызға рақмет айтамын. Сіздермен бірлесіп жұмыс атқаруға әзірміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызына беріледі.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Бұл заң жобасы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы стрестік активтерді экономикалық айналымға қайтару жөніндегі тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты стрестік активтердің өтімді нарығын нарықтық негізде дамыту және оларды экономикалық айналымға тарту үшін жағдай жасау болып табылады.

2017 жылдан бастап жекелеген банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама іске асырылған сәттен бастап 977 миллиард теңгеге қосымша провизиялар қалыптастырылды, 1,4 триллион теңгеге проблемалық қарыздар есептен шығарылды және 5,4 триллион теңгеге жаңа қарыздар берілді. 2017 жылдан бастап агенттік 8 төлемге қабілетсіз банктің лицензиясын қайтарып алды.

2017 – 2021 жылдар аралығында қабылданған шаралар нәтижесінде барлығы 6,7 триллион теңге сомаға стрестік активтер есептен шығарылды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стрестік активтер мөлшері 2,3 триллион теңгені немесе банк жүйесі активтерінің 6 пайызын құрады.

Стрестік активтердің мынадай 4 тобы бар: төлеу мерзімі 90 күннен асқан кредиттер 870 миллиард теңге сомаға, қайта құрылымдалған кредиттер 936 миллиард теңге сомаға, өндіріп алынған мүлік 156 миллиард теңге сомаға және банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдарының активтері 356 миллиард теңге сомаға.

Банктердің балансын жұмыс істемейтін кредиттерден мемлекет қаражатын тартпай тазартудың нарықтық тетігін құру үшін стрестік активтердің өтімді нарығын дамыту қажет.

Стрестік активтер нарығын құру үшін осы заң жобасы төрт заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді және мынадай негізгі бағыттардан тұрады.

1. Заң жобасында стрестік активтерді авторизацияланған сатып алушылардың қолданыстағы тізімін жеке инвесторларды қосу арқылы кеңейту көзделеді.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 36-1-бабына сәйкес авторизацияланған сатып алушылар тізіміне екінші деңгейдегі банктер, банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдары, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ, коллекторлық агенттіктер және басқа да қаржы ұйымдары кіреді. Бұл ретте тізім кеңейтіліп, банктердің және микроқаржы ұйымдарының стрестік активтерін жеке инвесторларға сату құқығы беріледі.

Жеке инвесторларға тек заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің проблемалық қарыздарын сатып алуға рұқсат етіледі. Заң жобасында қарыз алушы – жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін жеке тұлғалардың кредиттерін инвесторларға сату көзделмеген.

2. Заң жобасында сервистік компаниялар институтын құру көзделеді. Олар жеке инвесторларға жұмыс істемейтін кредиттерге қызмет көрсету және басқару қызметтерін көрсетеді.

Сервистік компаниялардың функцияларын тиісті тәжірибесі мен құзыреті бар банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдарына және коллекторлық агенттіктерге беру ұсынылады.

Сервистік компаниялар активтерді сенімгерлік түрде басқарады, өндіріп алудың жеке стратегиясын әзірлейтін болады және стрестік активтердің иелеріне басқа да қызметтер көрсетеді.

Заң аясындағы деңгейде сервистік компаниялар үшін капиталдың мөлшері, нарықтағы жұмыс тәжірибесі, мінсіз іскерлік беделінің болуы және қадағалау шаралары мен санкциялардың болмауы жөнінде жоғары талаптар белгіленетін болады.

Агенттік белгіленген талаптарға сәйкес келетін сервистік компаниялардың тізілімін жүргізіп, олар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша тетігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, себебі аталған ұйымдар агенттіктің реттеу аясына жатады.

3. Заң жобасында жеке инвесторлар үшін ірі корпоративтік қарыздарды 50 миллион теңгеден астам дербес басқару мүмкіндігі көзделеді.

Кредиттерді сервистік компанияларға сенімгерлік басқаруға беру бойынша талап мынадай проблемалық кредиттерге қолданылады:

- 1) заңды тұлғалардың берешегі 50 миллион теңгеден аспайтын ұсақ қарыздарға;
- 2) дара кәсіпкерлердің қарыздарына;
- 3) инвестор бейрезидент болып табылса.

Проблемалық қарыз алушылардың және дара кәсіпкерлердің жалпы саны 1,1 триллион теңге сомаға 16 мың қарыз алушыны құрайды.

Қарыз алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында банктік қарыз және микрокредит шарттары шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын барлық талаптар мен шектеулер жеке инвесторға қолданылатын болады. Осылайша қарыз алушылардың құқықтары жеке инвесторлар мен сервистік компаниялар алдында қорғалады.

4. Заң жобасы өндіріп алынған мүліктің, яғни банктің меншігіне өткен мүліктің банктердің және микроқаржы ұйымдарының баланстарында болуы үшін шекті мерзімді 3 жыл деп белгілеуді көздейді. Бұл банктер мен микроқаржы ұйымдарын стрестік активтерді экономикалық айналымға жедел түрде тартуға ынталандырады. Бұл ретте Жер кодексінде жер учаскелеріне қатысты белгіленген нормалар және жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою мерзімдері сақталады.

Құрметті депутаттар! Сіздерге Сенаттың жұмыс тобында заң жобасын қарау кезінде сындарлы жұмыс жүргізгендеріңіз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Заң жобасына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Председателю Агентства по регулированию и развитию финансового рынка.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Согласно положению одной из задач агентства является обеспечение надлежащего уровня защиты прав и законных интересов потребителей финансовых услуг.

В адрес депутатов часто поступают обращения от граждан, связанные с получением отсрочки платежей по банковским займам и микрокредитам. В обращениях граждане ставят вопросы о том, что финансовые институты в большинстве случаев необоснованно отказывают в предоставлении отсрочки. Насколько нам известно, агентство на основании обращений граждан по случаям необоснованного отказа в предоставлении отсрочки вправе инициировать проверку в отношении финансовых институтов. После завершения проверочных мероприятий дают оценку действиям финансового института.

В этой связи вопрос: какова эффективность таких проверок и их результат? Благодарю.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Спасибо за вопрос, Андрей Иванович.

Защита прав и интересов заемщиков является приоритетной задачей агентства. В целях усиления защиты прав заемщиков, как вы знаете, в прошлом году был принят на законодательном уровне обязательный порядок досудебного урегулирования проблемной задолженности заемщиков. Теперь банки в обязательном порядке после наступления просрочки, если заемщик обратится в банк, обязаны предложить меры урегулирования проблемной задолженности. Это такие меры, как снижение процентной ставки, продление срока кредита, предоставление отсрочек.

Ранее такой механизм на практике не всегда носил обязательный характер. Теперь если банк отказывается предоставить такие меры урегулирования, то заемщик вправе обратиться в агентство. Агентством будут приниматься меры надзорного реагирования в отношении как банков, так и микрофинансовых организаций.

Также я хотела напомнить, что в 2020 году в периметр регулирования агентства были включены все микрофинансовые организации (более тысячи), это микрофинансовые организации, кредитные товарищества, ломбарды. В 2021 году мы ввели их лицензирование. В результате количество обращений в агентство со стороны граждан значительно увеличилось. В прошлом году мы провели 2600 документальных проверок кредитных организаций по обращениям граждан. В результате по выявленным нарушениям агентством было принято 1088 мер надзорного реагирования, наложено штрафов на сумму 303 миллиона тенге. По банкам это 424 меры надзорного реагирования, по микрофинансовым организациям 664 меры надзорного реагирования.

С начала текущего года мы провели проверку выполнения микрофинансовыми организациями норм, касающихся соблюдения предельной ставки вознаграждения и соблюдения долговой нагрузки заемщиков. В результате в настоящее время ведется работа по отзыву лицензий у семи микрофинансовых организаций.

Касательно отсрочки по кредитам. В прошлом году в результате введения обязательного порядка урегулирования проблемной задолженности 24000 заемщикам была предоставлена отсрочка по кредитам, по 17000 договорам был увеличен срок займа или уменьшена ставка вознаграждения. В этой связи данный вопрос мы держим на постоянном контроле.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Мәдина Ерасылқызы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылы бизнесмендермен кездесу кезінде «стрестік активтер мәселесіне байыпты қарау керек және банктерден осындай мұздатылған активтерді сатып алуға заңды түрде уәкілеттік берілген субъектілер шеңберін кеңейту қажет», – деп атап өтті.

Қаржы нарығын дамытудағы және қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етудегі негізгі міндеттердің бірі стресті активтер нарығын дамыту болып табылады. Осылайша соңғы 5 жылда банктердің баланстарын тазарту бойынша түбегейлі шаралар қабылданды, бұл банк секторының стрестік активтерінің мөлшерін 7,7 триллион теңгеден 2,5 триллион теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар Қазақстан экономикасын кредиттеу көрсеткіші жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 25 пайыз деңгейінде сақталуда. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш 60-70 пайыз деңгейінде. Сингапурда, Кореяда, бірқатар Еуропа елдерінде шамамен 150 пайыз. Осыған байланысты сұрақ:

1. Банктердің баланстарын тазарту қаржы нарығын дамытуға, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және еліміздің экономикасын кредиттеуге қаншалықты әсер етті?

2. Стрестік активтерді сатып алуға заңды түрде уәкілеттік берілген субъектілер шеңберін кеңейту туралы Президенттің тапсырмасы қалай орындалады? Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Ләззат Молдабекқызы, сұрағыңызға рақмет. Банктердің баланстарында стрестік активтердің жоғары үлесі ұзақ уақыт бойы банк секторының басты проблемасы болды. Бұл банктердің капиталын шектейді және жаңа кредит беруге мүмкіндік бермеді. Енді осы жұмыс істемейтін кредиттерді есептен шығарудың нәтижесінде банктердің капиталын босатуға мүмкіндік береді және экономикаға кредит беруді ұлғайтады.

Мен баяндамада айтып кеттім, 2017 жылдан бері 8 төлемге қабілетсіз банктің лицензиясы қайтарып алынды. Осы банктердің лицензиясын қайтарып алудың негізгі себебі – жұмыс істемейтін кредиттердің жоғары деңгейі.

Халықтың және заңды тұлғалардың депозиттері қазіргі уақытта банктердің негізгі қорландыру базасы болып табылады. Сол себепті салымшылардың жинақтарын сақтау үшін банктерде стрестік активтердің жинақталуына жол бермеу қажет.

Біз 2019 жылы банктердің активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргіздік. Осы бағалау нәтижесінде банктердің акционерлері банктердің капиталына 128 миллиард теңге қосымша капитал салды. Банктердің капиталы екі жылда 19 пайызға – 4,7 триллион теңгеге дейін жетті. Енді осы капиталдың өсуіне байланысты банктер экономикаға жаңа кредитті бере бастады, 2020 жылы жаңа кредиттердің көлемі 9,2 триллион теңге болса, 2021 жылы тек қана заңды тұлғаларға жаңа кредиттердің көлемі 11,1 триллион теңгеге дейін өсті.

Сіздің екінші сұрағыңыз бойынша айтсақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес осы заң жобасында стрестік активтерді сатып алушылардың тізімі кеңейтіледі. Енді осы тізімге жеке инвесторлар қосылады. Қазіргі уақытта тізімге тек қана он қаржы ұйымы кіреді. Бұл екінші деңгейдегі банктердің өзі, банктердің еншілес ұйымдары, коллекторлық агенттіктер, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ және басқа да қаржы ұйымдары.

Өткен жылдары проблемалық кредиттер көбіне осы банктердің еншілес ұйымдарына сатылған, олар осы стрестік активтерді өздерінің балансында ұзақ мерзімге – бес жылға дейін ұстайды. Бұл уақытта стрестік активтер экономикалық тартылымға қатыспайды. Бұдан басқа «Проблемалық кредит қоры» АҚ стрестік активтерді мемлекет бюджетінен қаражат қолданып нарықтық емес талаптармен сатып алған. Біріншіден, енді осы жеке инвесторларды тартқанда стрестік активтер әділ нарықтық бағасымен сатылатын болады. Екіншіден, нарықтық тетігін құруға мүмкіндік жасаймыз.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Мәдина Ерасылқызы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Төраға.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

Сенат депутаттары тарапынан қазіргі экономика жағдайындағы банк жүйесінің маңыздылығы ескеріліп, ерекше назар бөлінуде. Мәселен, өткен жылдың желтоқсан айында «Екінші деңгейдегі банктердің стресті активтерінің мөлшерін төмендету және оларды экономикалық айналымға тарту» тақырыбында кездесу өткізілді. Бұл іс-шарада Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшылығы және Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы, комитет мүшелерімен бірге тоқтап қалған активтердің проблемаларын көтеріп, туындаған ұсыныстар мен ескертпелер бойынша ортақ ұстанымға келген болатынбыз. Сол кездегі стрестік активтер көлемін төмендетуге арналған бағытымыз бүгінгі қарастырылып отырған заң жобасында іске асты.

Жұмыс істемейтін несиелерді азайту бағытындағы шаралар осыған дейін де атқарылған болатын. Атап айтқанда, 2008 жылғы дағдарыстан бастап жұмыс істемейтін несиелердің жоғары деңгейі банк жүйесінің жағдайын едәуір қиындатты. Салдарынан 2012 жылы проблемалық несиелердің үлесі 40 пайызға жетті. Ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша стресті активтердің үлесі 6 пайызға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіш негізінен активтерді есептен шығарудан орын алып отыр. Алайда банктер мен микроқаржы ұйымдарының теңгеріміндегі проблемалық несиелердің және өндіріп алынған мүліктің елеулі көлемі әлі де сақталуда.

Бүгінгі ұсынылып отырған заң жобаның негізгі мақсаты бұғатталған активтердің жұмыс істеуі, инвестициялар тарту және қосымша құн әкелу болып табылады. Қазіргі уақытта еліміздегі жұмыс істемейтін активтер нарығының ауқымын Хорватия, Венгрия, Словения сияқты Еуропадағы кейбір дамушы мемлекеттердің нарығымен салыстыруға болады.

Стрестік активтердің көлемі отандық қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндірмейді. Аталған активтерді сатып алуға құқылы уәкілетті алушылар тізімінің шектеулі

болуына және белгіленген бағалар нарықтық жағдайды көрсетпейтініне байланысты осындай активтер нарығы баяу қарқынмен жүруде.

Қаралып отырған жобада заңнамалық база құрылып, банктердің өндіріп алынған активтерін үш жыл бойы ұстау уақытын шектейді және оларды ашық сауда-саттық арқылы сатуға міндеттейді. Сондай-ақ сатып алушылардың тізімін жеке инвесторлармен толықтыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар проблемалық активтерге қызмет көрсету және басқару жұмыстарын ұсыну үшін негізгі рөл сервистік компанияларға берілетін болады. Осылайша заң жобасы стрестік активтердің өркениетті және дамыған нарығын құруға ықпал етіп, банк жүйесінің қаржылық көрсеткіштеріне және жалпы экономикаға оң әсерін тигізеді.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және сіздерді заң жобасын қолдауға шақырамын.

Бүгінгі баяндамаларда айтылғандай заң жобасының негізгі мақсаты стрестік активтердің өтімді нарығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және стрестік активтерді экономикалық айналымға тарту болып табылады. Оларға қол жеткізу үшін стрестік активтерді экономикалық айналымға тартуға мүдделі инвесторлардың ауқымды тобының осы салаға кедергісіз кіруін қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты заң жобасындағы өзгерістерде реттеу нысанасының тізбесіне жеке инвесторлар қосылып отыр. Оларға заң жобасында проблемалық қарыздарды басқару үшін қызмет көрсететін сервистік компаниялар жүйесін құру көзделген. Бұл заңнамадағы ең басты, ең қажетті толықтыру болып табылады деп айта аламыз. Себебі заңнамадағы сервистік компаниялар жүйесі озық Еуропа Одағының тәжірибесіне сәйкес енгізілген.

Біріншіден, Еуропа Одағында проблемалық кредиттерді азайтудың басты факторы сервистік компаниялардың, банктердегі проблемалық кредиттердің тиімді қайталама нарығын жасау болып отыр. Екіншіден, ол елдерде банктерге жұмыс істемейтін кредиттерді өз балансынан инвестордың балансына оңай аударуға мүмкіндік жасалған. Оған қосымша Еуропалық Одақ сервистік компанияларға жан-жақты ынталандыру шараларын қолданып отыр. Осыған байланысты кез келген стрестік активтер нарығын дамытуда сервистік компаниялар басты роль атқарады деп есептеледі.

Еліміздің заңнамаларында баламалы ұқсас тұжырымдама жоқ болуына байланысты заңдарға тиісті өзгертулер енгізіліп, сервистік компанияларға қолайлы жағдайлар жасалды.

Сондықтан заң қабылданған соң сервистік компаниялардың нарықтағы жұмыс тәжірибесі зор болып, мінсіз іскерлік беделі артқан жағдайда ол еліміздегі стрестік активтерді экономикалық айналымға қайта қосады деп есептейміз. Осыған байланысты аталған құрылымды басқаратын Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен көп үміт күтеміз.

Стрестік активтерді басқару жөніндегі компаниялар ең басты жауапкершілікті өздеріне қабылдап, қаржы секторынан «проблемалы деген» өтімсіз активтерді шығарады. Осылайша бүкіл жүйенің тұрақтылығын және тиісінше елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады.

Заңнаманы дұрыс іске асырған жағдайда активтерді сатып алу үшін бюджет қаражатын одан әрі тартпауға және сонымен қатар елге шетелдік инвестициялар мен инвесторларды және кәсіби ойыншылардың келуін қамтамасыз етуге жол ашылады.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заң Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылданып отыр. Жаңа нормалар стрестік активтер нарығында қолданылатын құқықтық тетіктерді жетілдіруге және осы саланың өсуіне жағдай жасауға бағытталған. Сондай-ақ заң инвесторлардың стрестік активтер нарығына қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы осы нарықты одан әрі дамытуды көздейді. Жаңа талаптар бұл саладағы рәсімдердің ашықтығы мен айқындығын да қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта осы заң проблемалық активтерді экономикалық айналымға тартуға мүмкіндік бере отырып, бизнес ортаны жақсартуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қаралып отырған заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау, сондай-ақ салық салудың өзекті мәселелерін шешу мақсатында әзірленді.

Заң жобасында биржалық металдар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы мөлшерлемелерін 50 пайызға, қалған қатты пайдалы қазбалар бойынша 30 пайызға ұлғайту көзделген. Бұл ретте өндіру 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кейін басталатын жаңа кен орындарын 15 пайыз рентабельділік деңгейіне жеткенше 5 жыл мерзімге дейін пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босату ұсынылады.

Елден капиталды шығармауды ынталандыру мақсатында дивидендтер бойынша жеңілдіктерді қайта қарау ұсынылады. Бейрезиденттер үшін барлық жеңілдіктер алып тасталады. Резиденттерді салықтан босату үшін 30 мың айлық есептік көрсеткіш шегі белгіленеді. Биржалық акциялар бойынша дивидендтер тұрақты сауда жүргізілген кезде босатылады.

Өзара байланысты бейрезидент тұлғалардан алынған материалдық емес қызметтер бойынша шегерімдерді салық салынатын кірістің 3 пайызы мөлшерінде шектеу көзделген.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі келісімді орындау үшін темекіге арналған акциздердің мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен ұлғайту ұсынылады. Сонымен қатар темекі өнімдерінің басқа түрлері бойынша акциздерді кезең-кезеңімен ұлғайту ұсынылады. Қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға акциз мөлшерлерін темекіге акциз мөлшерінен 70 пайыз деңгейінде белгілеу, сондай-ақ өлшем бірлігін килограмнан данаға өзгерту ұсынылады.

Сондай-ақ цифрлық майнингке, ауыл шаруашылығына, спутниктік байланысқа салық салу мәселелерін реттеу бойынша нормалар көзделген. Бұдан басқа салықтық әкімшілендіру бөлігінде нақтылаушы нормалар енгізіледі. Бұл негізгі өзгерістер.

Құрметті депутаттар, заң жобасын жедел қарағандарыңыз үшін және бірлесіп жасаған жемісті жұмыс үшін сіздерге алғысымды білдіремін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

Уважаемый Алибек Сакенович! Налоговыми поправками предлагается увеличить ставку налога на добычу полезных ископаемых по биржевым металлам на 50 процентов, о чем Вы сейчас сказали, по остальным твердым полезным ископаемым – на 30 процентов.

На сегодняшний день многие компании запланировали свои инвестиции по действующим ставкам налогообложения. Новые ставки требуют пересмотра инвестиционных программ.

Я разговаривал с коллегами корпорации «Казахмыс», где я работал, и другими коллегами компаний, производящих металлы. Они говорят, что многие инвестиционные

программы будут просто остановлены, а старые выработанные месторождения могут оказаться нерентабельными в данном случае.

Скажите, пожалуйста, как повлияют предлагаемые налоговые ставки на инвестиционную привлекательность Казахстана, какова будет судьба нерентабельных месторождений? Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сергей Михайлович! Данный вопрос тесно обсуждался с представителями ГМК, с общественностью. Предлагались разные варианты увеличения ставки НДС на 30, 50, 75 и 100 процентов. В целом изучено влияние данных ставок на инвестиционную привлекательность. Остановились на более оптимальных вариантах увеличения на 50 и на 30 процентов.

Еще раз отмечу, что это тесно обсуждалось с представителями ГМК, поднимались вопросы и по низкорентабельным месторождениям. По ним принято решение... Сейчас, в принципе, такая компетенция у Правительства есть, но она будет еще более упрощена. Компания будет подавать заявку на наличие низкорентабельных месторождений. Соответственно, по ним, как я отметил в своем выступлении, будет даваться определенный грантовый период (не более пяти лет) до достижения 15-процентной рентабельности. То есть здесь предусмотрена компетенция Правительства. Это можно будет делать в оперативном порядке. Данная процедура будет еще более упрощенной. Соответственно, компании ГМК смогут в упрощенном порядке пользоваться данной нормой.

Еще есть месторождения, которые были разведаны, но по ним не начата добыча из-за низкой рентабельности. Все эти вопросы можно решить в рамках компетенции Правительства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Рысбекова Ләззэт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министерству национальной экономики.

Законопроектом предлагается с 2023 года поэтапное повышение ставок акцизов на табачную продукцию, а именно на изделия с нагреваемым табаком. Ставки акцизов на изделия с нагреваемым табаком устанавливаются на уровне 70 процентов от размера ставок на сигареты. По данным Министерства национальной экономики, данная мера позволит получить дополнительные поступления в бюджет в размере порядка 38 миллиардов тенге.

Вместе с тем отдельные субъекты бизнеса, НПП «Атамекен» считают, что эта норма может создать дополнительные барьеры для бизнеса и привести к перетоку изделий с нагреваемым табаком из других стран, где ставки акциза ниже.

Как Вы можете прокомментировать данный вопрос? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ләззэт Тұяқбайқызы! Дело в том, что все изделия с нагреваемым табаком импортируются в Казахстан. В нашей стране нет такого производства. Независимо от размера ставок в стране-производителе при

импорте данных товаров в Казахстане будет устанавливаться акциз, который предусматриваем в данном законопроекте.

Изначально ставки акцизов в нашем законопроекте были ниже. Но с учетом обсуждения с общественностью, депутатами в целях защиты здоровья населения было принято решение повысить ставки акцизов и подвести их ближе к сигаретам.

С учетом того, что в Казахстане по сравнению с соседними странами ставки акцизов как на сигареты, так и на нагреваемый табак ниже, то просто будет экономически нецелесообразно делать переток такого рода изделий в нашу страну.

Если в целом учитывать инвестиционную привлекательность страны и текущую геополитическую ситуацию, то это плохо не должно отразиться на нашем бюджете, в целом на наполнении рынка.

Также хотел бы отметить, что употребление данных стиков не зависит на наличия производства в Казахстане. С учетом того, что данные изделия являются весьма популярными, на них можно накладывать такие акцизы.

В целом не ожидается снижения поступлений, по перетоку также не ожидается каких-то сильных изменений. Дело в том, что это все импортируется, Правительство больше акцизов будет налагать, соответственно, тот уровень акцизов, поступление которых запланировано на уровне как минимум 38 миллиардов тенге, ожидается в плановом порядке. Спасибо.

ТӨРАҒА. Алибек Сакенович, в целом, наверное, все правильно, акцизы нужно повышать, но одновременно нужно смотреть, чтобы вся эта продукция не перешла в теневой сектор. Параллельно нужно будет бороться с контрабандой, чтобы те или иные недобросовестные предприниматели, скажем так, или люди, которые этим занимаются, не начали завозить такого рода продукцию, изделия с нагреваемым табаком контрабандным путем. Соответственно, тогда все эти меры, которые вы сейчас предлагаете, не будут работать. Поэтому политика по повышению акцизов, видимо, должна сопровождаться очень жесткими мерами по борьбе с контрабандой.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Ағымдағы жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде бюджет кірістерінің қосымша көздері елдің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет екенін атап өтті. Сондықтан Үкіметке бюджетке қосымша түсімдер мәселесін пысықтау тапсырылды. Тау-кен секторындағы кәсіпорындарға ерекше көңіл бөлінді. Қазіргі уақытта тау-кен секторы кәсіпорындары өндіретін шикізатқа әлемдік бағаның жоғары деңгейі байқалады. Егер тау-кен кәсіпорындары өздерінің үстеме кірістерінің бір бөлігін мемлекеттік бюджетпен бөліссе, бұл әділ болар еді. Сонымен қатар мемлекет тау-кен секторындағы кәсіпорындарға салықтық талаптарды арттырып қана қоймайды, сондай-ақ жаңа кен орындарын игеруді

ынталандыруға бағытталған салықтық жеңілдіктер береді. Мемлекет жаңа кен орындарын барлауды ынталандыруға қомақты қаражат бөледі, ал енді оларды игеруге тағы да жеңілдік беріледі. Бұл шаралар отандық өндіруші саланы дамытуға серпін беруі тиіс.

Президентом не раз отмечалась необходимость ужесточения борьбы с незаконным выводом капитала за рубеж. Данное поручение нашло отражение в Общенациональном плане мероприятий. В рассматриваемом нами законопроекте содержатся новеллы, направленные на реализацию данного положения Общенационального плана.

Отменены налоговые льготы на выплаты дивидендов на фондовых рынках, при этом остаются на прежнем уровне льготы на выплату дивидендов компаниями, торгующими на казахстанских фондовых биржах.

Также предусмотрены налоговые меры, препятствующие выводу капитала через зарубежные аффилированные лица.

Ожидается, что отмена льгот принесет в государственную казну дополнительные поступления, а меры по ограничению вывода капитала позволят сократить финансовый отток из страны, который, к сожалению, имеет место быть.

Очень большой резонанс в обществе вызвал бурный рост майнинговых ферм в Казахстане. Благоприятные налоговые и прочие условия привлекли майнеров со всего мира в Казахстан. Это стало приводить к дефициту электроэнергии в некоторых регионах.

Учитывая то, что в разных регионах Казахстана разная стоимость электроэнергии, разработана дифференцированная ставка платы за майнинг, которая создаст равные условия для майнеров вне зависимости от региона. В общем плата на майнинг выросла, но при этом предусмотрена льготная ставка для майнеров, использующих чистую, «зеленую» энергию, а также энергию, импортируемую из-за рубежа.

Данные меры также увеличат поступления в бюджет и будут стимулировать майнеров вкладываться в собственное производство возобновляемой электрической энергии.

Следующим новшеством законопроекта является предусмотренное поэтапное повышение ставок на табачную продукцию в соответствии с принятыми обязательствами по гармонизации ставок акцизов в рамках ЕАЭС. Также предусмотрено повышение акцизов на модные сейчас изделия с нагреваемым табаком.

Здесь речь не только о повышении поступлений в бюджет, еще и о том, что повышение ставок акцизов является одним из методов борьбы с табакокурением в рамках рекомендации ВОЗ, поэтому будет влиять на улучшение здоровья нации.

Законопроектом предусматривается помощь бизнесу, пострадавшему во время январских событий. Очень много субъектов бизнеса, большинство из которых субъекты малого и среднего бизнеса, подверглись разграблению, их недвижимость и иное имущество было безвозвратно утеряно. Государством оказывалась прямая финансовая помощь таким лицам. Предусматриваются нормы, исключаящие обложение налогом сумм возмещения и компенсации ущерба. Данная норма является ретроспективной нормой.

Одной из важнейших отраслей народного хозяйства Казахстана является сельское хозяйство. В целях его поддержки предлагается дополнить список, по которому предусмотрена льгота по уплате НДС при импорте племенных животных всех видов, оборудования для искусственного осеменения и так далее.

Данная мера позволит создать более выгодные условия для импорта позиций, по которым в отечественном агропромышленном комплексе испытывается нехватка собственного производства либо собственное производство отсутствует вообще.

В целом законопроект направлен на адаптацию норм налогового законодательства под современные реалии, что позволит создать благоприятные условия для отечественного агропромышленного комплекса, малого и среднего предпринимательства, увеличить поступления в бюджет, будет способствовать справедливому перераспределению общественных благ.

Құрметті әріптестер! Заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты комитеттер ұсынған жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Исламұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Законопроект, внесенный на наше рассмотрение, разработан в целях реализации январских поручений Главы государства, где Президент поручил выработать новую налоговую политику, ориентированную на кардинальное упрощение администрирования, исключение неэффективных льгот и преференций, справедливое и сбалансированное налогообложение.

Пересмотр налоговой нагрузки на горнорудный сектор позволит увеличить рост налоговых поступлений в государственный бюджет. Усиливается налоговая отдача от добычи природных ресурсов за счет увеличения ставок налога на добычу полезных ископаемых по биржевым металлам на 50 процентов, а по остальным твердым полезным ископаемым – на 30 процентов. Введение данной нормы также обосновывается целями установления справедливой налоговой нагрузки на предприятия горно-металлургического комплекса.

Наряду с увеличением налоговой нагрузки предложены меры по стимулированию геологоразведки и открытию новых месторождений. В настоящее время у инвесторов отсутствует стимул вкладываться в разработку новых месторождений, так как имеются определенные риски на окупаемость вложенных инвестиций.

Освобождение компаний от налога на добычу полезных ископаемых, которые планируют начать добычу на новых месторождениях после 31 декабря 2022 года, до

достижения уровня рентабельности 15 процентов, несомненно, будет способствовать развитию горнорудной отрасли.

Реализация данного законопроекта прежде всего позволит привлечь дополнительные средства в бюджет для обеспечения реализации социально-экономических задач государства, оказать стимулирующие меры для освоения новых месторождений.

Учитывая вышеизложенное, предлагаю поддержать данный законопроект.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі төртінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Шындалиев Әсет Қазақбайұлына беріледі.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы күштік органдар қызметтерін жетілдіру, төтенше жағдайлар және өзге де ахуалдар кезіндегі мәселелерді шешуге арналған. Бірқатар түзетулер күштік орган қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз етуге қатысты.

Заң жобасы 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында әзірленді және құқық қорғау қызметін өткеру туралы заңды тікелей қолдануды күшейту, ведомстволық реттеуді азайтуды көздейді.

Бүгінгі таңда негізгі кадрлық процестер ведомстволық актілермен реттеледі. Соның салдарынан әрбір құқық қорғау органында өзінің ішкі тәжірибесі қалыптасқан. Олар әр органда әртүрлі. Енді конкурстық, конкурстан тыс іріктеу, марапаттау, тәртіптік практика, атақ, шен беру, бағалау мәселелері бірдей стандарттарға келтіріліп, заңға енгізіледі. Нақты айтсақ, конкурс арқылы қабылданған қызметкер үшін стажировка болмайды, арнайы тексеру (спецпроверка) конкурстан кейін жүргізіледі. Конкурстан тыс қабылдау талаптары күшейтіледі.

Күштік органдарда бұрын жұмыс істеп кеткен адамдар құқық қорғау жүйесіне қайта орналасатын болса, онда күштік органдардағы стажы үш жылдан кем болмауы тиіс. Ал әскерде қатардағы солдат болғандарды конкурстан тыс қабылдауға тыйым салынады.

Сыныптық шендер беру тәртібі қатаяды. Бұрын көтермелеу тәртібінде алты рет шен берілсе, енді екі рет қана берілетін болады. Сонымен қатар арнайы мемлекеттік орган қызметкерлері мен әскерилер арнайы тексеруден (спецпроверкадан) және әскери-дәрігерлік комиссиядан өтпей-ақ құқық қорғау органдарына бірден ауыса алады.

Қызметін бағалау нәтижесі теріс болған қызметкерлер аттестациялауға жатады.

Ведомстволық академияларға ғалымдар мен біліктілігі жоғары мамандар офицерлік лауазым жалақысына қабылданатын болады. Оларды жұмысқа алар кезде арнайы әскери-дәрігерлік тексеруден өткізбейді және жасы жағынан шектеу қойылмайды. Бұл алғашқы даярлықтан өтетін жастарға лайықты білім беру, құқық қорғау ғылымын дамыту үшін қажет. Осы арқылы біз ведомстволық академияларға танымал ғалымдар мен тәжірибелі мамандарды алып, жоғары оқу орнының потенциалын арттырамыз.

Бірқатар түзетулер қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталған. Қызмет міндетін атқарып жүріп ауырып қайтыс болған қызметкердың отбасына 60 айлық өтемақы төлеу көзделеді. Бұл жағдайларда ауру мен қызмет өткерудің арасындағы себеп-салдарлық байланыстар анықталады. Мысалы, қызметкер карантиндік шараларға қатысу кезінде инфекциялық ауру жұқтырып, содан қайтыс болса төлем беріледі. Бұл нормаға кері күш беріледі, яғни пандемия кезінде қайтыс болған қызметкердің отбасына да төленеді. Қайтыс болған қызметкердің отбасын тұрып жатқан үйінен шығаруға тыйым салынады.

Сонымен қатар депутаттар бастама жасап, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы бірқатар нормалар енгізді. Атап айтсақ, 2025 жылдан бастап құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысына үш жылда бір рет индексация жасалып тұрады. Қызметтік

міндетін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасына, балаларына ай сайын төлемдер беріледі. Ауыр жарақат алып, қызметін әрі қарай жалғастыра алмайтын қызметкерлерге де осындай төлемақы беріледі. Мерт болған немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары мемлекеттік заказ арқылы білім гранттары берілетін еліміздің жоғары оқу орындарында тегін білім ала алады.

Түзетулердің келесі топтамасы күштік органдар басшыларының жауапкершілігін арттыру, қызметкерлерді құқықтық қорғауды күшейту, қару айналымын реттеуге қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауды көздейді.

1. Күштік органдар қызметкерлерін құқықтық қорғауды күшейту.

Қылмыстық кодексте жаппай тәртіпсіздік, төтенше жағдай, антитеррор операциясы кезінде билік өкілдеріне бағынбау туралы саралау белгісі енгізіледі. Сонымен қатар билік өкілдеріне қауіпті емес күш қолдану, не күш қолдану қатерін төндіру әрекеттері жеке-жеке нақтыланып, жауаптылық шектері белгіленеді.

Қызмет міндеттерін жүзеге асыруға байланысты қызметкер мен оның жақындары туралы дербес деректерді заңсыз жинағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі.

2. Келесі мәселе күштік құрылым басшыларының жауапкершілігін күшейту туралы.

Енді төтенше жағдай кезінде лауазымды адамдар, күштік органдардың басшылары ешқандай шара қолданбай азаматтардың құқықтарының, қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол берген болса қылмыстық жауапқа тартылады. Сонымен қатар өз міндеттерін орындаудан бас тартқан немесе жалтарған күштік орган қызметкерлеріне де осындай жаза қолданылады.

Бірқатар заңдарға түзетулер жасалып, дағдарыс жағдайында мемлекеттік органдар жұмысының жаңа алгоритмі ұсынылады. Кризистік ахуалды жою кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар, құқық қорғау, арнайы органдар, қарулы күштердің бірлесіп әрекет ету тәртібі бекітіледі. Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру, оның басшысын бекіту тәртібі реттеледі. Жергілікті жерде төтенше жағдай комендантын бекіту, оның өкілеттерін реттеу жөнінде тиісті түзетулер де жасалады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай бойынша республикалық және өңірлік жедел штабтарға да қатысты бірқатар мәселелер нақтыланды. Атап айтсақ, жедел штаб шешімдері ұйымдар мен мемлекеттік органдар үшін міндетті болып табылады. Түзетулер арқылы жедел штабтарды құру, олардың мүшелерін бекіту тәртібі реттеледі. Әскери бөлімдерді тұрақты тұрған орнынан басқа жерге ауыстырған кездегі ұйымдастыру шаралары бекітіледі.

3. Тағы бір өзгерістер қатары қару айналымына қатысты.

Қылмыстық кодекске газды, травматикалық, оқсыз, сигналды атқыш қарулар контрабандасы үшін жауапкершілік енгізіледі. Аңшылық қаруға рұқсат алу үшін жас шегі 18-ден 21 жасқа дейін ұзартылды.

Сонымен қатар күштік органдардың жеке құрамының моральдық, психологиялық, тәрбие, идеологиялық даярлау тәртібін нығайтуға қатысты бірқатар түзетулер бар.

Құрметті депутаттар! Жоба кешенді мәселелерді шешуге бағытталған. Заң жобасы күштік орган қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды күшейте отырып, олардың жауаптылығын арттырады. Қосымша міндеттер жүктейді және қызметтерін белсенді атқаруға ынталандырады.

Қолдау көрсетуді сұраймын.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақ қоярдың алдында айта кетейін дегенім, бүгін еліміздің ішкі істер органдарының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы орайда Қазақстан Республикасының полиция қызметкерлері мен ардагерлерін және олардың отбасыларын айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. Халқымыздың тыныштығы мен жасампаз еңбегін әрдайым қорғайтындарыңызға сенімдіміз. Тәртіп сақшыларына мықты денсаулық, бейбіт өмір, бақыт және отанымыздың игілігі жолындағы қызметте сәттілік, табыс тілейміз!

Енді сұраққа көшейік.

Құрметті Марат Шәдетханұлы! Заң жобасында түрлі себептермен медициналық қарсы көрсеткіштері, психикалық ауытқулары бар адамдардың атыс қаруын иеленуін жалғастыруына жол бермеуге және ондай факті анықталғанда жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін норма қарастырылған.

Осы мақсатта қару иелерін белгіленген мерзімде медициналық тексеруден өткізіп тұру керек. Сонымен қатар Ішкі істер министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін бір-біріне сәйкестендіру қажет. Бұл шара жалған медициналық құжаттарды жасаудың жолын кеседі. Осыған байланысты сұрақ:

Екі мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінің интеграциясы жүзеге асырылады ма? Ол жұмыс қалай жүргізіліп жатыр?

Атыс қаруы иелерінің медициналық тексеруден өту жиілігі қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Шәдетханұлы, жауап беріңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Нұржан Нұрланбекұлы! Құттықтауларыңызға рақмет.

Мына сұрағыңызға келсек, бүгінгі күні Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен біріктірілген, сол себептен қазіргі күні сұрау салып мәліметтерді алуға болады. Ал мына заң жобасы қабылданған болса, онда денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар туралы мәліметтерді автоматты түрде алуды пысықтаймыз.

Заң талабына сәйкес қазіргі күні азаматтар қаруға рұқсат алу кезінде және бес жыл сайын рұқсаттың ұзарту уақыты келгенде арнайы комиссиядан өтіп тұрады. Бұрынғы кезде психиатр мен наркологтан анықтама алып келіп, соның арқасында қорытынды алып жүре беретін, қазіргі күні бұл талаптар кішкене қатаңдайды, ол комиссияда арнайы тесттен өткізіп, денсаулық, психикалық жағдайы анықталып, сол комиссияның оң қорытындысы шықса, сонда ғана қаруға рұқсат беріледі. Бес жылда бір рет өтіп тұрады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Заң жобасында «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңға кандидаттың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткішін және оның кәсіби құзыреттерге сәйкестік дәрежесін ескере отырып, құқық қорғау қызметіне іріктеу жүргізуді регламенттейтін өзгерістер енгізілген. Бұл ретте кәсіби құзыреттерді, түйінді көрсеткіштерді және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау тәртібі мен әдістерін құқық қорғау органының басшысы бекітетін болады.

Елдегі соңғы оқиғалар күш-қуат блогы қызметкерлерінің жауынгерлік рухы мен жауынгерлік дайындығын көтерудің шұғыл қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты келесідей сұрақ туындайды:

Кандидатқа қойылатын талаптар қандай критерийлер бойынша жүзеге асырылады және олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, құқық қорғау органдарының барлық бөлімшелері үшін бірдей бола ма?

Енгізілетін нормалар күш құрылымдары мен жеке құрамның жауынгерлік рухы мен жауынгерлік дайындығын күшейтуге қаншалықты ықпал етеді? Рақмет.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, іріктеу кезінде кандидаттың бәсекеге қабілетті екені және кәсіби дәрежесі ескеріледі. Мысалы, оның жоғары білімі бар ма, қандай шет тілдерін біледі, тестілеу, емтихан, физикалық даярлық нәтижелері қандай болды, міне, осылар кандидатты іріктегенде есепке алынады да. Осындай әр фактор бойынша балл беріледі. Сол балл арқылы біз жалпы нәтижені көріп отырамыз. Ал енді кәсіби жағынан қаншалықты сәйкес екеніне келсек, әр органда олар әртүрлі. Сіз жаңа дұрыс айтып жатырсыз, әр орган қызметкерінің атқаратын міндеті ерекше. Мысалы, прокуратураға келсек, бізде ең басты функция жоғарғы қадағалау, яғни бізге келетін қызметкерлер алдымен қадағалаудың спецификасын білуі шарт. Ал полицияға келетін болсақ, ол полиция үшін тергеу, не жедел іздестіру жұмыстарына бейім болуы дұрыс деп ойлаймын. Осы үшін Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі академияларында жас мамандарға арнайы алғашқы даярлау өткізіледі. Жас мамандар осы курстарды бітірген кезде олардың қаншалықты кәсіби компетенцияға сәйкестігі тексеріледі. Әрине, мұндай өзгерістерді ескеріп оқу программаларын, оқу материалдарын әрқашан да жаңартып тұрамыз.

Ал енді жауынгерлік рухын күшейтуге келсек, заң жобасында тәрбиелік, идеологиялық, психологиялық жұмыс жүргізу көрсетілген. Осы жұмыстар арқылы біз қызметкерлерді міндеттеріне адалдыққа, қоғам мүддесін қорғау, патриотизм, жауапкершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелейміз.

Бұдан басқа депутаттар бірнеше ұсыныс беріп, әлеуметтік пакетті күшейтті. Енді қызметкерлерге, оның отбасына, оның балаларына мемлекет әлеуметтік кепіл береді. Бұндай жағдайда қызметкер ертеңіне сенеді, ал оның отбасы қамқорлықта тұрады деген сенім болады. Демек қызметкер өз жұмысын адал атқаруға мәжбүр болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсет Қазақбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада по законопроекту предоставляется члену Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Поздравляю личный состав органов внутренних дел, членов их семей, ветеранов с 30-летием образования Казахской полиции и пожелания успешности выполнения служебных задач, долга, крепкого здоровья!

Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия» разработан в целях совершенствования законодательства о правоохранительной службе, в том числе усиления норм прямого действия и снижения подведомственного регулирования.

Основными задачами законопроекта является совершенствование правового регулирования прохождения службы. В частности, законопроектом предусматриваются новые положения, которые можно разделить на два основных блока.

Первым блоком предусматриваются поправки, разработанные в реализацию Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года, а именно:

1) по отбору кадров: сокращаются этапы конкурса; ужесточаются требования по внеконкурсному отбору; вводится перевод со спецгосорганов и военнослужащих в правоохранительные органы; упрощается прием в ведомственные вузы опытных ученых и практиков;

2) по прохождению службы: упорядочивается оценка работы сотрудников; дисциплинарная практика и поощрение, а также порядок присвоения досрочных званий;

3) по социальному обеспечению: предусматривается компенсация семьям сотрудников, погибших от заболеваний, в том числе в период пандемии; право на пенсию по выслуге лет отдельным бывшим сотрудникам органов внутренних дел.

Второй блок направлен на реализацию поручений Главы государства, данных на заседании Мажилиса Парламента 11 января 2022 года. В частности, внесены нормы, предусматривающие:

1) законодательное усиление регулирования в сфере оборота оружия;

2) повышение правовой защищенности полицейских, в том числе посредством усиления ответственности за нападение на представителей власти и неподчинение законным требованиям;

3) обеспечение эффективной координации между силовыми структурами, включая актуализацию алгоритмов действия государственных органов в кризисных ситуациях,

усиление межведомственной координации, налаживание оперативной и военно-технической совместимости силовых структур;

4) обеспечение самостоятельности силовых структур при принятии решений и повышение уровня ответственности их руководителей.

В результате принятия законопроекта ожидается:

повышение уровня правовой и социальной защиты сотрудников правоохранительных органов;

устранение правовых пробелов и коллизий, возникших в правоприменительной практике.

С учетом изложенного, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената, прошу поддержать проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия», одобренный Мажилисом Парламента концептуально в первом чтении.

Доклад окончен.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Ұлттық даму жоспарын іске асыру және Мемлекет басшысының ағымдағы жылдың қаңтар айындағы құқық қорғау органдарының қызметін қайта құру мен қызметкерлерінің құқықтарын қорғау бойынша тапсырмасын орындауға бағытталған.

Заң жобасы Қылмыстық кодексе пен Қылмыстық-процестік кодекске және 17 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Аталған заң жобасы арқылы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс-қимылдарына қатысты нормалардың аясын кеңейту, әлеуметтік және материалдық қолдау, осы салаға қызметке орналасу, оны өткеру мен тоқтату мәселелері қамтылған. Сонымен қатар әлеуметтік төлемдер және тұрғын үймен қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарындағы оқытушыларына ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы төлеу тетіктері қаралған.

Өңірлердегі құқық қорғау органдары басшыларының конкурстан тыс қызметке қабылдау құқығы қайта қаралып, мұндай өкілет тек орталық орган басшысына ғана беріледі, яғни бұл ретте қызметке қабылдау талаптары қатаңдатылады.

Заң жобасында құқық қорғау органдарында қызмет ету үшін үш жыл қызмет өтілі қажеттігі айқындалып, ал күштік органда қызмет істеп жүрген азаматтардың құқық қорғау

саласына ауысу тәртібімен арнайы тексерусіз қабылдануы қарастырылған. Сондай-ақ ведомствалық оқу орындарына қажетті тәжірибелі мамандар мен танымал ғалымдарды орталық органның бірінші басшысының шешімі негізінде еңбек шартымен қабылдау ұсынылады және үстемақы төленеді (негізгі баяндамашы айтып кетті).

Бұдан басқа күштік және әскери құрылым басшыларының азаматтар өміріне қауіп төнген жағдайлардағы әрекетсіздігіне, ведомствоаралық үйлестіруге, қару-жарак айналымына қатысты нормаларға қажетті түзетулер бар.

Құрметті әріптестер, осы ретте осы енгізіліп отырған заң жобасындағы әлеуметтік блокқа қатысты мәселелердің барлығы осы Сенатта алдыңғы өткен парламенттік тыңдау, үкімет сағаттарында әріптестер тарапынан да қызу талқыланып, ұсыныстар Үкіметке берілген болатын және бірнеше депутаттық сауалдар жолданған, сонда осы мәселелердің бәрі қамтылған. Қазір Президенттің тапсырмасымен іске асырылу тетіктері қаралып отыр.

Жалпы енгізілетін өзгерістер құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігін арттырып, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын жетілдіріп, азаматтарымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сапалы қызмет атқаруына ықпал ететін болады деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассматриваемый законопроект во втором чтении. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бесінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бастамашылдық жасады.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Назарларыңызға Парламент депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Заң жобасы Президент тапсырмасын іске асыру үшін әкімшілік жауапкершілікті көздей отырып, байланыс және интернет саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында әзірленді.

Ұсынылатын негізгі түзетулер келесіге бағытталған:

1. Пайдаланушыларға сапасы жағынан стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін көрсеткені үшін байланыс операторларының жауапкершілігін күшейту. Бұл шара цифрлық теңсіздікті жоюға, интернетке барынша қол жеткізуді және сапалы байланысты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2. Мемлекеттік нөмірсіз немесе жалған мемлекеттік нөмірмен көлік құралын басқару үшін жауапкершілікті күшейту.

3. Лицензиядан айырылған немесе қолданылу мерзімі тоқтатылған, сондай-ақ жоғары оқу орны таратылған жағдайда жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары құрылтайшыларының оқуды жалғастыру үшін білім алушыларды ауыстыруды және олардың жеке істерін басқа жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына беруді қамтамасыз етпегені үшін әкімшілік жауаптылығын белгілеу. Бұл шара, бірінші кезекте, білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етеді.

4. Акцизделетін тауарларды есепке алу-бақылау маркаларымен және сәйкестендіру құралдарымен қамтамасыз ету.

5. Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының қарыз шартында белгіленген мерзімде игерілмегені үшін бюджеттік бағдарламалардың бірінші басшысына әкімшілік жауаптылық беріледі.

Бұл түзетулер бюджет заңнамасының жауапкершілігін күшейтуге, сондай-ақ республикалық бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған.

6. Құқық қорғау құрылымдары қызметкерлеріне бағынбағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату бөлігінде түзетулер енгізу қарастырылып отыр. Құқық қорғау құрылымдары

қызметкерлерінің заңды талабына бағынбағаны үшін ескерту түріндегі жаза түрін алып тастау, көзделген айыппұл мөлшерін және әкімшілік қамауға алу мерзімін ұлғайту ұсынылады.

Ұсынылып отырған түзетулер теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Сонымен қатар заң жобасын қабылдау операторлардың сапасыз байланыс және интернет қызметтерін ұсынғаны үшін қоғамдағы наразылықты азайтуға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, заң жобасына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне арналады.

Заң жобасына сәйкес абоненттерге сапасы мен стандарттары, техникалық нормалары мен байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін қызметтерді көрсеткені үшін операторлардың әкімшілік жауапкершілігінің күшейтілуі қарастырылуда.

Мұндай қадам көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді деуге болады. Өйткені қазіргі уақытта байланыс операторлары қызметінің сапасы еш сын көтермейді. Бұл ретте сіздердің назарларыңызды Қазақстандағы және көршілес мемлекеттердегі бір ұялы байланыс операторының тарифтік саясатына аударғым келеді. Мәселен, 6 гигабайт көлемінде интернетке қолжетімділігі бар Қазақстандағы «Beeline» байланыс операторының тарифтік жоспардың бір айлық абоненттік төлемі 2590 теңге құрайды, ал Қырғызстанда 30 гигабайт интернетке қолжетімділігі бар тарифтік жоспар айына 2174 теңге, Өзбекстанда 12 гигабайт интернет көлемі 1989 теңге тұрады. Бұл ретте Қырғызстанда ауылдық жерлердегі абоненттер үшін арнайы тарифтер бар екенін және олардың бағасы төмендетілгенін атап өтуге болады. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды:

1. Қазақстандағы ұялы байланыс қызметтері бағасының қымбаттау негізі қандай және министрлік әкімшілік айыппұл салудан басқа байланыс операторларының тарифтік саясатына әсер ете алады ма?

2. Ауылдық жерлердегі жалақы деңгейінің төмендігін ескере отырып министрлік ауылдық білім беру мекемелері мен мектеп оқушылары үшін қолжетімді баға мен арнайы тарифтік жоспарды енгізуді қарастыра ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Оразбек Асхат Елубайұлы, жауап беріңіз.

ОРАЗБЕК А.Е. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары, құрметті әріптестер! Рұқсат етсеңіздер, сұраққа орысша жауап берейін.

Во-первых, хотелось бы отметить, что вопрос очень правильный. Он связан с тем, что люди столкнулись (особенно в период пандемии и после нее) с некачественным предоставлением услуг со стороны операторов связи. Соответственно, те тарифы, которые они платят, у них тоже вызывают вопросы.

Что касается урегулирования тарифов со стороны администрации связи Республики Казахстан, на сегодняшний день это невозможно. Мы регулируем только услуги в сфере монополии и тарифы на субсидированные услуги. Поэтому те услуги, которые предоставляют мобильные операторы, мы регулировать не можем в соответствии с Предпринимательским кодексом, начиная еще с 1 января 2017 года. Поэтому мы пошли по пути того, чтобы повысить качество тех услуг, которые операторы предоставляют. Мы установили нижние пороговые значения, для связи 3G это 1 мегабит в секунду, для связи 4G это 5 мегабит в секунду. И на основе этих параметров качества мы в прошлом году начали серьезное продвижение по увеличению проверок. Так, у нас количество проверок увеличилось десятикратно, количество сумм по проверкам тоже увеличилось практически десятикратно.

Если мы говорим, что в прошлом году мы провели не 50, а 562 проверки и собрали не 10 миллионов тенге штрафов со всех операторов связи, а 132 миллиона тенге, то эта сумма недостаточно большая для того, чтобы операторы начали активно менять ситуацию по качеству мобильной связи. Так, например, по анализу прошлого года можно сказать, что только 1/3 наших предписаний операторами были исполнены. 132 миллиона – это 4 базовые станции. Им легче не покупать базовые станции, а получить еще один штраф, заплатить и ждать, когда мы снова придем. Поэтому сейчас депутаты Мажилиса просят увеличить суммы штрафов в 10 раз. Мы думаем, что в целом это подвигнет операторов связи к тому, чтобы они предоставляли качественную связь.

Если говорить о мировых рейтингах Казахстана, то сегодня мы по тарифам на 8-м месте, то есть не все так плачевно. Да, в отношении Кыргызстана, конечно, мы чуть выше. Кыргызстан в пятерке лидеров находится по тарифам. Но это тоже не всегда хорошо, потому что в случае с тем, когда тарифы низкие, операторы связи не могут инвестировать опять же в повышение качества связи, увеличение плотности базовых станций и так далее. То есть мы считаем, что мы сейчас находимся в ситуации, достаточно гармоничной для страны. Спасибо.

ТӨРАҒА. По сельским образовательным учреждениям был еще вопрос.

ОРАЗБЕК А.Е. Да, извините. В целом по сельским территориям у нас есть механизм субсидирования. Мы в прошлом году механизм субсидирования немножко изменили. Стандартно мы субсидируем, фиксируем телефонную связь. Таких абонентов по стране порядка 60 тысяч на сегодняшний день в сельской местности проживает. Это в основном старшее поколение. Теперь мы увидели, что есть необходимость мигрировать эти субсидии от просто телефонной связи, от звонков к тому, чтобы на селе появился качественный

интернет. И мы сейчас субсидии сдвинули немножко в сторону того, что больше субсидий даем для интернета со скоростью свыше 8 мегабит в секунду.

Таким образом, мы напрямую не можем тарифы операторов регулировать для сельской местности, в том числе для сельской школы. Но мы можем субсидировать интернет для сельской местности в целом.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесіне арналады.

Уважаемый Расул Нурланович! Глава государства в своем Послании народу Казахстана неоднократно акцентировал внимание на необходимости ужесточения требований за неэффективное расходование бюджетных средств. В ходе проведения аудиторских мероприятий ежегодно выявляются многочисленные факты неэффективного планирования и использования бюджетных средств.

Так, сумма неэффективного планирования и использования бюджетных средств, выделенных на решение социально-экономических задач, в 2019 году составила 1 триллион 400 миллиардов тенге, в 2020 году – 1 триллион 773 миллиарда тенге, в 2021 году – 340 миллиардов тенге. Это снижение объясняется уменьшением объема средств в 7 раз, охваченным государственным аудитом в 2021 году.

Вместе с тем есть вопросы и к эффективности использования привлекаемых внешних займов. На сегодняшний день общая сумма правительственных внешних займов составляет 21,4 миллиарда долларов США, из них аннулированы займы на сумму 775 миллионов долларов США, продлены сроки реализации по 11 проектам на сумму 4,6 миллиарда долларов США, или же 2 триллиона 174 миллиарда тенге. В этих проектах с каждым годом происходит удорожание. Все это вкуче указывает на плохо спланированное, неэффективное использование привлекаемых внешних займов.

С учетом вышесказанного возникают следующие вопросы.

Уважаемый Расул Нурланович! Насколько будут эффективными вносимые изменения и дополнения в Кодекс об административных правонарушениях в части повышения эффективности использования бюджетных средств и внешних займов? Это первый вопрос.

Второй вопрос. Какие меры будут приниматься при повторных нарушениях за неэффективное планирование и использование бюджетных средств? Спасибо.

ТӨРАҒА. Расул Нұрланұлы, жауап беріңіз.

РАХИМОВ Р.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, құрметті Сұлтанбек Алмасбекұлы! Вы подняли действительно острый вопрос. У нас в 2021 году на реализацию 12 переходящих проектов с международными финансовыми организациями, на

их обслуживание было предусмотрено 153 миллиарда тенге, из этих денег только 84 процента было освоено.

В целом подписанные суммы займов превышают 4,3 миллиарда долларов США, а освоение в целом составляет всего лишь 73 процента.

Вдобавок с учетом неэффективного управления проектами есть своего рода дополнительные скрытые расходы, такие как выплаты единовременных комиссий, комиссий за резервирование займов. Дополнительные расходы там составляют 16,7 миллиона долларов США.

В этой связи мы предлагаем ввести ответственность первых руководителей государственных органов за неэффективное планирование и использование государственных внешних займов, в том числе и за преждевременное аннулирование займов, потому что когда заем аннулируется раньше времени, есть определенный штраф, определенная пеня, которая налагается на государственный орган за неосвоение денег. В этой связи мы предлагаем ввести штраф. Это первое.

Второе. Также мы предлагаем расширить определение эффективного использования бюджетных средств. Это связано с тем, что зачастую государственными органами (особенно в области строительства) объекты, которые были построены, но не введены в эксплуатацию либо не числятся на балансе государственного органа, тем не менее обслуживаются. В этой связи мы также считаем, что это неэффективное использование средств.

По вопросу: какой эффект мы ожидаем? Во-первых, мы ожидаем более взвешенный подход первых руководителей государственных органов и администраторов бюджетных программ к международному заимствованию, соответственно, тогда они почувствуют ответственность.

Во-вторых, мы хотим провести ужесточение в области планирования объектов строительства. Другими словами, когда администратор бюджетной программы непосредственно будет планировать строительство тех или иных объектов, у него в голове уже будет закладываться определенный горизонт планирования с тем, что дальше, успеет ли он сдать этот объект и поставить себе на баланс. В этом случае мы ожидаем определенного позитивного эффекта. Просим поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерік Хамзаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Әбдікерев Рысқали Қалиакбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы бойынша әріптесіміз толық, жан-жақты баяндап берді.

Бүгінгі күні үш мегаполистің кейбір аудандарында интернет жылдамдығының сапасы сын көтермесе, ал ауыл-аймақтардағы жағдай одан да нашар екендігі жасырын емес. Цифрлық даму министрлігінің деректеріне сүйенсек, байланыс сапасына қатысты

шағымдар саны 2019 жылмен салыстырғанда өткен жылы 10 есеге жуық көбейген. Осыған орай Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген заң жобасы байланыс пен интернет қызметтерін көрсету саласында тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғауға, сондай-ақ байланыс сапасын одан әрі арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, бұл заң жобасында байланыс қызметтерін көрсету ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту, интернет сапасының белгіленген талаптарына сәйкес келмеген фактілері үшін айыппұлдар сомасын ұлғайту көзделіп отыр.

Сонымен қатар Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында заң жобасына білім беру, қару айналымы және салық заңнамасы салаларында әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жазалау шараларын белгілеуді және күшейтуді көздейтін келесі түзетулер енгізіліп отыр:

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту;

жоғары оқу орындары жабылған жағдайда білім алушыларды ауыстыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаса құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу, сондай-ақ жоғары оқу орындарын лицензиядан айыру жөніндегі функцияларды уәкілетті органға беру;

автокөлікті қайталап немесе бірнеше рет мемлекеттік нөмірсіз басқарғаны үшін, сондай-ақ автокөлік құралдарына жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік нөмір орнатқаны үшін жауапкершілікті күшейту;

сондай-ақ лақтырылатын, аң аулайтын, белгі беретін қаруды және олардың құрамдас бөліктерін заңсыз иемдену, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілеу қарастырылып отыр. Бұдан бөлек басқа заңдардың кейбір нормаларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер де енгізілді.

Қаралып отырған заң жобасы комитеттің кеңейтілген отырысында заң жобасы бастамашыларының қатысуымен жан-жақты қаралды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, осы айтылғандарды ескере келе комитет Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рысқали Қалиақбарұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ұсынылған заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру, әкімшілік жауапкершілікті енгізуді қоса алғанда байланыс және интернет қызметі саласында тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғауды қалыптастыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасында телефон, ұялы байланыс және интернет қызметтерін көрсету ережелерін бұзғаны үшін, байланыс қызметтерін пайдаланушыларға сапасы бойынша стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін ұсынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу ұсынылады.

Бұдан басқа заң жобасында қару айналымына қойылатын талаптарды қатайту, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінсіз немесе оларды пайдалануға тыйым салынғаннан кейін көлік құралдарын қайта басқарғаны үшін жауапкершілікті белгілеу бойынша түзетулер енгізіледі.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін операторлардың сапасыз байланыс және интернет қызметтерін ұсынғаны үшін қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс азаяды деп күтілуде.

Заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

Құрметті әріптестер, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» во втором чтении. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік

қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Омаров Асқар Қуанышұлына беріледі.

ОМАРОВ А.Қ. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Мемлекет басшысының азаматтық қоғамды қолдауға бағытталған тапсырмасын орындау үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар, дәрілік және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Жалпы заң жобасын әзірлеу кезінде жоба жан-жақты талқыланып, қоғам өкілдерінің ұсыныстары ескерілді.

Заң жобасы үш негізгі блоктан тұрады: волонтерлік қызмет, қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау.

Ұсынылған заңнамалық түзетулер аталған салаларды реттеуге емес, қайырымдылықты, волонтерлікті және үкіметтік емес секторды ынталандыру мен дамытуға бағытталғанын атап өту қажет.

Қайырымдылыққа қатысты түзетулер. Заң жобасында мынадай ынталандыру шаралары көзделген:

қайырымдылық ұйымдарына мемлекеттік меншік объектілерін жеңілдікпен пайдалану мүмкіндігін беру;

оларға құрметті атақтар беру арқылы мемлекеттік деңгейде қайырымдылық жасаушыларды көтермелеу.

Қайырымдылық көмектің транспаренттілігін арттыру үшін қайырымдылық ұйымдарының есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру міндеттілігі бойынша нормалар көзделген. Қайырымдылық жасаушы мен пайдаланушы арасындағы есептерге, сондай-ақ қайырымдылық волонтерлерінің қаражат жинау жөніндегі қызметіне қатысты нормалар нақтыланды. Корпоративтік және электрондық қайырымдылыққа қатысты нормалар енгізілді. Сондай-ақ қайырымдылық саласындағы уәкілетті орган айқындалды.

Волонтерлік қызметке қатысты түзетулер. Заң жобасында мынадай ынталандыру шаралары бар:

азаматтық қызметке кірген кезде волонтерлік қызметті есепке алу;

жоғары оқу орындарына түскен кезде волонтерлік қызметке қатысушы адамға артықшылықтар беру;

волонтерлік ұйымдарға қайырымдылық ұйымдарына берген сияқты мемлекеттік мүлікті жеңілдік шарттарында ұсыну;

волонтерлерге мемлекеттік наградалар беру шаралары көзделген.

18 жасқа толмаған волонтерлерге денсаулығы мен адамгершілік тұрғыдан дамуына қауіп төндірмейтін волонтерлік қызмет түрлері нақтыланды.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тетіктерін дамыту саласында гранттық қаржыландыру жүйесін мынадай тәсілдер арқылы қайта форматтау ұсынылады.

1. Бөліктелген гранттар жүйесінің мынадай түрлерін: қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді жобаларды енгізу көзделеді. Гранттың түріне қарай қаржыландыру көлеміне, іске асыру мерзіміне, үкіметтік емес ұйымдардың конкурсқа қатысу шарттарына және есептілікке қойылатын әртүрлі талаптар айқындалатын болады.

Саралау тәсілі гранттық қаржыландыру рәсімдерін оңайлатуға мүмкіндік береді.

2. Өзекті бағыттар бойынша гранттарды жоспарлаудың жаңа форматын енгізу. Бұл гранттарды халықтың қажеттіліктеріне бағдарлауға мүмкіндік береді.

Аталған тетік «төменнен жоғарыға» тәсілін енгізуге мүмкіндік береді, яғни үкіметтік емес ұйымдар өз жобаларын өздері ұсына отырып, қоғамдық бастамалардағы өзекті мәселелерді икемдеуді және оған жедел ден қоюды қамтамасыз етеді.

3. Гранттық саясаттың салалық тәсілін кеңейту мақсатында орталық мемлекеттік органдарға оператор арқылы гранттар ұсыну құзыреті беріледі.

3. Азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен гранттардың тиімділігін бағалау тетігін енгізу жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және кейіннен гранттарды қалыптастыру үшін негіздеме болады. Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылдың жаңа тетігі – стратегиялық әріптестікті енгізу ұсынылады.

Халықаралық тәжірибе негізінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылдың жаңа тетігі әзірленді. Мысалы, Ұлыбританияда мемлекет аса беделді үкіметтік емес ұйымдармен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жүзеге асыратын стратегиялық әріптестік практикасы қолданылады.

Ауқымды өкілдік базасы бар бейінді үкіметтік емес ұйымдар атынан мемлекеттік органдардың стратегиялық әріптестер пулын қалыптастыру жұртшылықпен өркениетті жұмысты жолға қоюға, қоғамдық сұрау салуларды өңдеуге және оларды мемлекеттік органдардың күн тәртібіне енгізуге мүмкіндік береді.

Аталған тетіктің мынадай тәсілдері ұсынылады:

стратегиялық әріптестіктің бағыттарын мемлекеттің жалпыұлттық басымдықтарын негізге ала отырып, мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын болады;

стратегиялық әріптестік ұзақ мерзімді негізде министрліктер деңгейінде ғана іске асырылатын болады;

стратегиялық әріптестерді мемлекеттік органдар конкурс арқылы анықтайтын болады. Әрбір бағыт бойынша бір үкіметтік емес ұйым айқындалатын болады.

Құрметті депутаттар! Сонымен қатар заң жобасында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің зейнетақы және әлеуметтік төлемдер алуымен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған нормалар ұсынылған. Осыған байланысты «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң мен «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне «0» түзету коэффициентін қолдану кезеңін есепке алуды көздейтін түзетулер енгізілді.

Жалпы заң жобасында ұсынылған жоғарыда аталған шараларды қабылдау волонтерлік пен қайырымдылықты дамытуды ынталандыруға, мемлекет пен азаматтық

сектордың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ дәрілік және әлеуметтік қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешуге ықпал ететін болады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ.

Асқар Қуанышұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қадірлі әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының азаматтық қоғамды қолдауға бағытталған тапсырмалары негізінде әзірленді. Заң жобасы 19 заңнамалық актіге, оның ішінде 5 кодекске және 14 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасын қабылдау Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерін жетілдіруге бағытталған және волонтерлік қызмет, қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау саласындағы қоғамдық қатынастарды неғұрлым тиімді реттеуге алып келеді.

Ұсынылған заңнамалық түзетулер қайырымдылықты, волонтерлікті және үкіметтік емес секторды ынталандыру мен дамытуға бағытталғанын атап өту қажет.

Заң жобасында қайырымдылық пен волонтерлікті ынталандырудың қаржылық емес шараларын енгізу (қайырымдылық саласында мемлекеттік награда, құрметті атақ беру, мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру), сондай-ақ кейбір құқықтық олқылықтарды жою ұсынылады.

Гранттық қаржыландыру жүйесін саралау (градуирленген гранттар жүйесін енгізу, өзекті бағыттар бойынша гранттарды пулдармен жоспарлау, гранттардың тиімділігін бағалау) және мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылының жаңа тетігін – стратегиялық әріптестікті енгізу ұсынылып отыр.

Бұдан басқа қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне зейнетақы және әлеуметтік төлемдер алумен байланысты проблема қалыптасқан болатын. Заң жобасында осы мәселені шешуге бағытталған «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң мен «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға әлеуметтік аударымдар ставкасына қатысты түзетулер қолдау тапты. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медициналық сақтандыру бөлігінде түзетулер көзделген. Әлемдегі тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты және халықты сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қажеттілігін назарға ала отырып, бұл түзетулер өте шұғыл сипатқа ие болып отырғанын айту керек.

Заң жобасында волонтерлік және қайырымдылық жасауға қатысты сұрақтарды құқықтық реттеу кеңінен қамтылған. Қоғамның дамуына оң ықпалы болады деп санаймыз.

Заң жобасын тұтастай қабылдау волонтерлік пен қайырымдылықты дамытуды ынталандыруға, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ дәрілік және әлеуметтік қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп болжанады.

Корытындылай айтқанда, заң жобасы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің жұмыс тобы отырыстарында қаралып, барлық нормалары кеңінен зерделенді. Сенаттың тұрақты комитеттерінен және Сенат Аппаратынан ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашылар атап өткендей, заң жобасы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген, қайырымдылық және еріктілік институттарының дамуын және олардың нормативтік құқықтық реттелуін көздейді. Бұл өз кезегінде Мемлекет басшысының азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруға толық құқықтық негіз болады.

Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының жаңа тетігі, яғни «стратегиялық әріптестік» ұғымының енгізілуі мемлекеттік әлеуметтік грант берудің тиімділігін қалыптастырады. Сонымен бірге еріктілердің қызмет түрлері мен құқығы нақтыланған. Мемлекет тарапынан волонтерлік қызметті ынталандыру көзделеді.

Жалпы заң жобасын қабылдау азаматтық сектордың қатысуын кеңейтеді, үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл және мемлекеттік билік органдары тарапынан халықтың әлеуметті маңызды проблемаларын шешудегі рөлін күшейтеді. Бұл қоғамның азаматтық белсенділігін арттырады.

Осыған байланысты заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер. Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Заң жобасы бойынша сөз сенатор Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді, сонымен қатар салық салу мәселелері бойынша өзекті міндеттерді шешуге бағытталған.

Заң жобасы пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемелерін ұлғайтуды, төленетін дивидендтер бойынша салық салуды қайта қарауды, үлестес тұлғалардан сатып алынған материалдық емес қызметтер бойынша шегерімдерді шектеуді көздейді, цифрлық майнингке төлемақы ставкаларын қайта қарау, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға арналған акциздер мөлшерлемесін ұлғайту, қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген залалды өтеуге байланысты нормалар, спутниктік байланыстың геостационарлық емес жүйесіне төлемақы мөлшерлемесін белгілеу, кейбір ауыл шаруашылығы тауарларының импорты кезінде қосымша құн салығын төлеуді қайта қарау, үшінші елдерден импортталатын тауарларға бағаның ең төменгі деңгейін қолдану, сондай-ақ салықтық әкімшілендірудің кейбір нормаларын нақтылайды.

Заң жобасы бірінші оқылымда қаралып, жалпы мақұлданды.

Заң жобасын талқылау және оны екінші оқылымға дайындау барысында бірқатар депутаттардан қыздырылған темекісі бар өнімдерге акциздер мөлшерлемелеріне қатысты заң жобасының нормаларына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар келіп түсті. Талқылау барысында бұл ұсыныстарды бастамашылар алып тастады.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау

жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау туралы.

Слово по законопроекту предоставляется сенатору Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия» разработан в целях совершенствования правового регулирования правоохранительной службы, усиления требований в сфере оборота оружия, повышения правовой защищенности полицейских, обеспечения эффективной координации между силовыми структурами и самостоятельности силовых структур при принятии решений, а также повышения уровня ответственности их руководителей.

Основной задачей законопроекта является совершенствование законодательства о правоохранительной службе, а также повышение уровня правовой и социальной защиты сотрудников правоохранительных органов.

Законопроектом вносятся следующие поправки:

сокращаются этапы конкурса, ужесточаются требования по внеконкурсному отбору; вводится перевод со спецгосорганов и военнослужащих в правоохранительные органы;

упрощается прием в ведомственные вузы опытных ученых и практиков;

упорядочивается оценка работы сотрудников, дисциплинарная практика и поощрение, а также порядок присвоения досрочных званий;

по индексации заработных плат сотрудникам правоохранительных органов;

предусматриваются государственные гранты на получение высшего образования детям погибших сотрудников либо получивших инвалидность;

усиливаются требования по регулированию в сфере оборота оружия;

повышается правовая защищенность полицейских, в том числе посредством усиления ответственности за нападение на представителей власти и неподчинение законным требованиям;

обеспечение самостоятельности силовых структур при принятии решений и повышение уровня ответственности их руководителей;

регламентируется использование правоохранительных и специальных органов при ликвидации ЧС социального характера, привлечение Вооруженных Сил, особенности применения Вооруженными Силами спецсредств, оружия и использования военной техники;

уточняются условия и пределы применения физической силы, специальных средств, служебных собак, оружия, военной и специальной техники и другие.

В процессе работы над законопроектом комитетом проведены заседания рабочей группы с участием инициаторов законопроекта, представителей государственных органов и сотрудников Аппарата Сената.

От депутатов и постоянных комитетов Сената Парламента по законопроекту замечаний и предложений не поступило.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, руководствуясь подпунктами 1), 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан», в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия», одобренный Мажилисом Парламента.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Заң жобасы бойынша сөз сенатор Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заң жобасы байланыс операторларының интернет және байланыс қызметтерін көрсету сапасы мен жылдамдығы үшін жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі цифрлы теңсіздікті жойып, барлық азаматты интернетпен және сапалы байланыспен барынша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар заң жобасына білім беру, қару айналымы және салық заңнамасы салаларында әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жазалау шараларын белгілеуді және күшейтуді көздейтін түзетулер енгізіліп отыр. Осы ретте Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген бұл заң жобасының маңызы өте ерекше екендігі айқын.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рысқали Қалиақбарұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар,

дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға және Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Заң жобасын тұтастай қабылдау жеке және заңды тұлғаларды жүйелі қайырымдылық пен волонтерлікке тұрақты қатысуға ынталандыруға, қоғам тарапынан қайырымдылық ұйымдары мен волонтерлікке деген сенімді арттыруға, қайырымдылық пен волонтерлік мәдениетін дамытуға, транспаренттілікті, үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру процесінің ашықтығын арттыруға, осы және басқа маңызы бар мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұртөре Байтілесұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң бірқатар қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіруге арналған. Атап айтқанда, азаматтардың қайырымдылық пен волонтерлікке жүйелі негізде қатысуын ынталандыру көзделген. Сондай-ақ осындай әлеуметтік пайдалы қызметпен айналысу мәдениетін дамыту үшін қолайлы құқықтық орта қалыптастырады.

Заңда гранттық қаржыландыру процесінің ашықтығын, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін және олардың тұрақты дамуын арттыруға арналған нормалар бар. Сонымен қатар халыққа дәрілік заттар мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық шешімдер белгіленген. Бұл заң қайырымдылық пен волонтерлік қызметті елімізде дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Арал теңізінің тартылып құрғауы – әлемдік деңгейдегі ең ірі апаттық оқиғалардың бірі. Су көлемі бойынша әлемдегі төртінші көлден 60 жыл ішінде оннан бір бөлігі ғана қалып отыр. Қазір теңіздің құрғаған табаны шамамен 6 миллион гектарды құрайды, оның ішінде Өзбекстан аумағында 3,2 миллион гектар, ал қалған 2,8 миллион гектары Қазақстан аумағында орналасқан. Осылайша Қарақұм және Қызылқұм шөлдері басып, жаңа шөл - Аралқұм пайда болып жатыр.

Сарапшылардың пікірінше, құрғаған теңіз түбінен ауаға жылына 150 миллион тоннадан астам тұз, шаң мен құм көтеріліп, 1000-10000 шақырымға континенттің басқа аймақтарына тарайды. Жалпы, бағалау деректері бойынша Арал теңізінің түбінде шамамен 107-117 миллиард тонна тұз жатыр.

Арал тұзы мен шаң-тозаңы жоғары ауаға көтеріліп, ұзақ қашықтыққа тұзды жауын-шашын түрінде түседі, нәтижесінде егістік алқаптардың тұздануы, шабындықтар мен жайылымдардың тозуы орын алуда. Таулы жерлерде бұл су ресурстарының негізгі көзі болып табылатын мұздықтардың мерзімінен бұрын еруіне әкеледі.

Арал теңізі бассейнінде тұратын адамдардың ағзасында өмірлік маңызы бар дене мүшелерінің функционалдық жай-күйінде өзгерістер анықталып, тіпті патологиялық аурулардың дамуы байқалуда. Осылайша Аралдың кебуі планетарлық ауқымдағы экологиялық қасірет болып табылады.

Ең алдымен осы экологиялық дағдарысты шешуге халықаралық қорлар мен ғылыми орталықтарды тарту қажет. Өкінішке қарай, соңғы уақытта олардың аймақтағы белсенділігі төмендеп кетті.

Екіншіден, Аралды құтқарудың халықаралық қоры аясында үлкен жұмыс атқарылды. Қазір оның құрылымдарының қызметіне жаңа қарқын беру маңызды.

Үшіншіден, Сырдария өзенінің суының ағынын ұлғайтудың жалғыз жолы – Орта Азия елдерімен су-энергетикалық консорциумды құру. Бұл туралы көптеген жылдар бойы айтып келеміз, өкінішке қарай, өзгеріс жоқ.

Төртіншіден, шағын Арал құрылысы Арал теңізінің солтүстік бөлігін айтарлықтай қалпына келтіруге және тұзды шаңды ондаған миллион тоннаға азайтуға мүмкіндік береді. Енді мұнда жинақталған су ресурстарының көлемін сақтау және ұлғайту маңызды. Сенат депутаттары Солтүстік Аралдағы «Көкарал» жасанды бөгетінің уақытылы жөнделуіне қатысты Үкіметке өтініш білдірген. Шындығында жағдай өте қауіпті және шешімін тездету қажет деп есептейміз.

Бесіншіден, ең бастысы – Арал теңізінің құрғаған түбінде жасыл қалқан құру. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Арал түбінде 2025 жылға дейін жалпы ауданы 1,1 миллион гектар болатын фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу – ағаш отырғызу міндетін қойды.

Қазір Арал теңізінің қазақстандық бөлігіндегі табиғи екпелерді қоса алғанда ормандардың жалпы ауданы 337 мың гектарды құрайды. Алайда соңғы жылдары біздің өзбек әріптестеріміз шамамен 1,6 миллион гектар алқапқа сексеуіл екпелерін отырғызды, оның басым бөлігінде аэросебу тәсілін қолданды. Сонымен қатар олар жүйелі түрде ағаш дақылдарының шөлді жағдайға бейімделген түрлерін кеңейтумен айналысуда.

Осыған байланысты бізге ағаш отырғызу жұмыстарының қарқынын жеделдетіп қана қоймай, фитомелиоративтік технологияларды да жетілдіру маңызды. Өйткені біздің аумақта отырғызылған өсімдіктердің жерсінуді жекелеген жылдары 10-13 пайыздан аспайды.

Ағымдағы жылдың 21 сәуірінде Арал қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның II отырысы өтті. Онда екі ел Үкіметі өкілдерінің қатысуымен Аралдың проблемаларын шешу жөніндегі бірлескен жұмыстардың келешегі талқыланды. Парламентаралық дипломатияны одан әрі дамыту аясында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Арал мәселесіне әлемдік қоғамдастықтың назарын аудару мақсатында түрлі халықаралық аландарда осы мәселелерді көтеруге ниетті.

Аралдағы экологиялық қасірет табиғатқа, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне үлкен зиян келтіруде, аймақтағы климаттың өзгеруіне әсер етуде, ең бастысы Арал теңізі бассейнінде тұратын миллиондаған адамдардың денсаулығына теріс ықпалын тигізуде. Егер біз бүгін оны тоқтатпасақ, онда залал бұдан да үлкен апатты деңгейге жетуі мүмкін.

Аралдың жоғарыда аталған өзекті экологиялық мәселелерін шешу бойынша Үкіметтің жұмысын жандандыруды сұраймыз.

Құрметпен, Шәкіров, Әлназарова, Бактиярұлы, Күрішбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Бүгінгі таңда өңірлердегі ең өзекті мәселелердің бірі жердің тиімді игерілмеуі және жайылым тапшылығы болып табылады. Өйткені қазіргі уақытта ауылдарда тұратын халықтың негізгі тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты. Алматы және Жетісу облыстарына жұмыс сапары кезіндегі жергілікті халықпен кездесулерде бұл мәселелер тұрақты түрде көтеріледі және олар жайылымдардың басым көпшілігі аңшылық шаруашылықтарға беріліп кеткенін алға қоюда.

Қолдағы бар есептерге сәйкес Алматы, Жетісу облыстарының аумағында 132 аңшылық алқап бар, оның ішінде 121 аңшылық алқап 84 аңшылық пайдаланушыға бекітіліп берілген. Бекітілген аңшылық алқаптардың жалпы көлемі 5 миллион гектарды құрайды.

Жайылым тапшылығы жағдайында аталған аңшылық субъектілеріне бекітілген аумақтарда мал жаюға рұқсат етілмеуі және де олардың кейбіреулерінің мүлдем пайдаланылмай жатуы осы өңірлерде тұратын тұрғындардың наразылығын туғызуда.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес аңшылық алқаптар 10-49 жылға дейін аңшылық шаруашылықтарға уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі (мемлекеттік орман алқаптарында орналасқан жерлер мен жанама орман пайдалану құқығымен). Бұндай алқаптарды аңшылық мақсатта пайдалану аң өсіруді қоспағанда негізінен маусымдық сипатта. Бұл ретте осындай алқаптарды пайдаланбағаны үшін мемлекетке қайтарып алу тиісті заңнамаларға реттелуіне байланысты ондай жұмыстарды жүргізу мүмкін болмай отыр.

Жасыратыны жоқ, кейбір аңшылық шаруашылықтар жеке тұлғалардың мүддесіне ғана бейімделген, яғни көбінесе шағын топтардың аң, құс аулау немесе аңшылық серуен құру секілді әлеуметтік-экономикалық маңызы жоқ іс-шараларды өткізу үшін ғана пайдалануда.

Осыған байланысты және ауылдық жерлердегі жайылым тапшылығын шешу мақсатында:

1) аңшылық шаруашылық үшін берілген жер учаскелеріне түгендеу жұмыстарын жүргізе отырып игерілмей жатқан немесе мақсаттағы пайдаланылмай жатқан жерлерді жер және орман заңнамаларына сәйкес қайтарып алу жұмыстарын жүргізу;

2) қолданыстағы заңдар мен заңнамаларға аңшылық шаруашылығы үшін берілген жер учаскелерінің көлемін негіздейтін критерийлерді белгілеу, аңшылық шаруашылық үшін алқаптарды бекіту барысында аумақтағы жергілікті халықтың малдарын жаю немесе шөп дайындауға қатысты мұқтаждықтарын барынша ескеру, аңшылық шаруашылық үшін жер учаскелерін мал жаю немесе шабындық ретінде пайдалану мәселелерін реттеу, аңшылық алқаптарды пайдаланбаудың көрсеткіштерін белгілеу, аңшылық шаруашылығына олардың жер пайдаланудағы орналасқан су көздерін тазалау, өрттен қорғау мақсатында қордаланған шөп шалғындарын тазарту, тағы басқа жұмыстарды жүргізу туралы міндеттемелерді белгілеу туралы тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу ұсынылады.

Аталған мәселелерді шешу ауыл шаруашылығы жерлерінде және орман қоры жерлерінде орналасқан жайылым мен шабындықтарды тиімді пайдалануға, сонымен қатар оларды пайдалануға әлеуметтік-қоғамдық сипаты бар жергілікті халықтың мал жаятын

жерлермен қамтамасыз етуге қатысты мүдделеріне артықшылық беруге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Сауалдың толық мәтіні қоса беріледі. Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Онлайн трансляция өшірілсін.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 23 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасын сайлау туралы

Об избрании председателя Комитета по социально-культурному развитию и науке Сената Парламента Республики Казахстан 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ИСАБАЕВ Б.Ө. 1

ЖҮСІП Н. 2

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития рынка стрессовых активов», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М.Е. ӘБІЛҚАСЫМОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка АБЫЛҚАСЫМОВОЙ М.Е. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЛУКИН А.И. 5

ҚАЛТАЕВА Л.М. 7

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 8

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МӘКЕЖАНОВ С.А. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕРШОВ С.М. 11

РЫСБЕКОВА Л.Т. 12

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ
қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КАРПЛЮК С.А. 15

ТРУМОВ С.Ө. 16

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации,

самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары
Ә.Қ. ШЫНДАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Генерального Прокурора Республики Казахстан
ЧИНДАЛИЕВА А.К 17

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 19

ҚОЖАЕВ М.Ш. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, первый заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 19

ҚАПБАРОВА А.Ж. 20

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары
комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 21

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 22

ВОЛКОВ В.В. 23

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х. 24

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. 25

ОРАЗБЕК А.Е. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан 26

МӘКЕЖАНОВ С.А. 27

РАХИМОВ Р.Н. – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі, член Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета 27

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АБДИКЕРОВА Р.К. 28

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б. 29

ВОЛКОВ В.В. 30

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам волонтерской деятельности, благотворительности, государственного социального заказа, государственного заказа на реализацию стратегического партнерства, грантов и премий для неправительственных организаций, лекарственного и социального обеспечения», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Қ. ОМАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра информации и общественного развития Республики Казахстан ОМАРОВА А.К. 31

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Н.Б. ЖҮСІПТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке ЖУСИПА Н.Б. 33

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАПБАРОВА А.Ж. 34

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 35

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 35

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 37

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АБДИКЕРОВА Р.К. 39

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық

әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам волонтерской деятельности, благотворительности, государственного социального заказа, государственного заказа на реализацию стратегического партнерства, грантов и премий для неправительственных организаций, лекарственного и социального обеспечения» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Н.Б. ЖҮСІПТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
ЖУСИПА Н.Б. 40

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 41

Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 42

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева